

Дарынды оқушылардың олимпиада, конкурс, жобаға қатысу деңгейі

Қазіргі білім беру жүйесінде дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және олардың зияткерлік әлеуетін дамыту – маңызды стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Дарынды оқушылардың олимпиадаларға, түрлі конкурстар мен ғылыми жобаларға қатысуы олардың білім деңгейін арттырып қана қоймай, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын және бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігі оқушылардың қатысу деңгейі мен жеткен нәтижелері арқылы айқындалады. Сондықтан аталған баяндамада дарынды оқушылардың олимпиада, конкурс және жобаларға қатысу деңгейіне талдау жасалып, қол жеткізілген жетістіктер мен алдағы міндеттер қарастырылады.

Пәндік олимпиаданы 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын салыстыратын болсақ.

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне жалпы саны 156 оқушы қатысып, 52 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды. Қалалық кезеңде 9 оқушымыз жүлделі орын алды. Олар:

1. Есіркеп Сарбиназ 8 сынып- 1 орын
2. Сагитова Адина 8 сынып -1 орын
3. Атығай Абдулла 9 сынып-1 орын
4. Мунбаева Айымгуль 6 сынып- 2 орын
5. Газиз Алина 9 сынып-2 орын
6. Бөлекбай Айгүлім 7 сынып-2 орын
7. Ермекұлы Арсен 8 сынып- 3 орын
8. Ирубаева Аянат 9 сынып-3 орын
9. Сейдуов Санжар 10 сынып-3 орын

2024–2025 оқу жылы



2025–2026 оқу жылы



2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне мектеп бойынша 112 оқушы, оның ішінде 5-6 сыныптар арасында 32 оқушы, 7-8 сыныптар арасында 37 оқушы, 9-11 сыныптар арасында 43 оқушы қатысты. Қалалық кезеңге 41 оқушы жолдама алды. Қалалық кезеңде 9 оқушымыз орын алды.

1. Жунусова Жания 6 сынып-2 орын
2. Жандаулетова Джейда 5 сынып-3 орын
3. Бөлекбай Айгүлім 8 сынып-2 орын
4. Мунбаева Айымгүл 7 сынып-2 орын
5. Омарова Аружан 7 сынып-3 орын
6. Боранбай Сания 9 сынып-3 орын
7. Төлеубай Анель 10 сынып-2 орын
8. Бекмухамет Алуа 11 сынып-2 орын
9. Сардарбек Гүлім 11 сынып-3 орын

2025—2026 оқу жылы (сыныптар бойынша қатысу)
Оқушылар саны



«Зерде» қалалық кезеңіне қатысатын оқушылардың жетістігі: мектеп бойынша 14 оқушыдан 12 оқушы қатысып, 10 жүлделі 2-3 орындар алды.

2025 оқу жылы аясында өткізілген «Зерде» ғылыми жобалар байқауына мектептен 12 оқушы қатысып, өз жұмыстарын қорғады. Алайда облыстық кезеңге жолдама ала алмады. Бұл жағдай жетекшілердің ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмысты жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы дайындық барысында оқушылардың зерттеу тақырыбын таңдау, мәселені нақты тұжырымдау, ғылыми жаңалығын көрсету және қорғау дағдыларын жетілдіру бағыттарында әлі де жұмыс жүргізуді талап етеді.

9-10 сынып оқушыларына арналған "Менің кіші Отаным" жас тарихшылардың Республикалық интеллектуалдық байқауының қалалық кезеңіне 10 сынып Ғазиз Алиана «Ертеңгі менің өлкем: болашақ жобасы»

жетекшісі Жанбуршинова Г.К. қалалық кезеңде 1 орын, облыстан орын алған жоқ.

10 сынып Еслямов тапғат «Жасампаздар: менің өлкемнің тұлғалары мен батырлары» жетекшісі Айту Б.Н. орын жоқ.

«Білгіштер» интеллектуалды-танымдық қалалық ойынына қатысқандар:

| Топтың аты | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Жетекшісі |
|------------|--------------------------|---------|-------------------------------|
| Алғабас | Жанабек Мансұр Дидарұлы | 4 сынып | Умиржанова Анар Абилхайыровна |
| | Балғабай Айбар Дулатұлы | 3 сынып | |
| | Аманжол Айзере Еркенқызы | 2 сынып | |

2025 жылы өткен «Білгіштер» атты қалалық интеллектуалды-танымдық ойынына мектеп командасы қатысып, өз білімдерін сынады. Алайда ойын нәтижесінде оқушылар күтілген деңгейде нәтиже көрсете алмады. Бұл оқушылардың логикалық ойлау, жедел шешім қабылдау және пәндік білімдерін қолдану қабілеттерін арттыру бағытында қосымша жұмыс жүргізу қажеттілігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен "Зерделі" ақыл-ой дамыту мектебі республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңін өткізді. Бұл кезеңге 42 оқушы қатысып, олардың 13-і қалалық кезеңге жолдама алды.

«Алтын сақа» олимпиадасы



Қалалық кезеңде мектебіміздің 4 оқушысы 3 «Б» сынып Жаңбыр Аңсар, 5 «Ә» сынып Мырзағалиева Эльнара, 6 «Ә» сынып Муратов Даниал, 6 «Б» Абдашимов Алдияр жүлделі 3 орынға ие болды.

«Алтын Түлек» 10-11 сыныптар арасында Математика пәні бойынша 10-11 сынып оқушылары арасында республикалық «Алтын түлек» олимпиаданың қалалық кезеңде 3 орын алды. 2 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды.

5 сыныптар арасында қалалық «Зерделі ұрпақ» математика атты сайыс.

| | | | | | |
|---------------------|---|----------------------------------|---------|---------------------------------|---------------|
| Сантимиров Ерхан | 5 | «Зерделі ұрпақ» математика | қалалық | «Жас математик» номинация | Жүсіпбек А.Қ. |
|---------------------|---|----------------------------------|---------|---------------------------------|---------------|

Жаратылыстану –математика бағыты бойынша А.Бірімжанов олимпиадасына қатысып оқушыларымыз 2-3 орын ие болды.

| | | | | | |
|---------------------|----|------------------------------------|---------|--------|--------------|
| Атығай Абдулла | 10 | А.Бірімжанов олимпиадасы ЖМБ | қалалық | 3 орын | Төлебай Г.Ө. |
| Батырғали Дариға | 10 | А.Бірімжанов олимпиадасы ЖМБ | қалалық | 2 орын | Ражанов Қ.Қ. |

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, дарынды оқушылардың олимпиада, конкурс және ғылыми жобаларға қатысу деңгейі олардың зияткерлік әлеуетін ашудың, шығармашылық қабілетін дамытудың және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, өз бетімен ізденуіне, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қол жеткізілген нәтижелер педагогтердің жүйелі еңбегі мен мақсатты қолдаудың тиімділігін көрсетті. Алдағы уақытта дарынды оқушыларды анықтау, олармен жеке жұмыс жүргізу, олимпиадалар мен жобаларға даярлықты күшейту, тәлімгерлік пен әдістемелік қолдауды жетілдіру арқылы бұл көрсеткіштерді одан әрі арттыру қажет деп санаймыз.

ШЕШІМ:

1. Пәндік олимпиадаларға дайындық жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
2. Олимпиада нәтижелері төмен пәндер бойынша қосымша дайындық сабақтарын ұйымдастыру. (жыл бойы)
3. Дарынды оқушылармен жұмыс тәжірибесін әдістемелік бірлестіктер отырыстарында тарату. (наурыз айы)
4. Оқушылардың жобаларын ерте кезеңнен бастап дайындау (1 жыл бұрын тақырып таңдау, дерек жинау, бастапқы талдау жасау).
5. Республикалық және зияткерлік олимпиадаларға қатысу көрсеткішін арттыру мақсатында жоспарлы жұмыс жүргізу.(жыл бойы).